«QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY ULTTYQ EKONOMIKA MINISTRLIGI TABIGI MONOPOLIALARDY RETTEY KOMITETININ ALMATY OBLYSY BOIYNSHA DEPARTAMENTI» RESPYBLIKALYQ MEMLEKETTIK MEKEMESI

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

BUIRYQ | **ПРИКАЗ**

16. 11. 2020 | № 117-НҚ

Taldyqorǵan qalasy | город Талдыкорган

НФС к работе

«Мөлдір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2021-2025 жылдарға арналған таратушы желілер арқылы суды беру қызметіне ұзақ мерзімге тарифтердің және тарифтік сметаларын бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы негізінде және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру ережесінің 1-Параграфына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мөлдір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің:

1.1. қоса беріліп отырған №1, №2 қосымшаларына сәйкес таратушы желілер арқылы суды беру қызметіне тариф және тарифтік сметалары;

1.2. қоса беріліп отырған №3, №4 қосымшаларға сәйкес, таратушы желілер арқылы суды беру қызметіне тұтынушы топтары бойынша сараланған тарифтері;

1.3. қоса беріліп отырған №5, №6 қосымшаларға сәйкес реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметіне есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін ақы мөлшері тиісінше бекітілсін.

2. «Мөлдір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтеріне ұзақ мерзімді кезеңге тарифтердің шекті деңгейін және тарифтік сметаларын төмендетіп бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2019 жылғы 24 қантардағы №07-НҚ бұйрығының және «Мөлдір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің таратушы желілер арқылы суды беру және сарқынды суды бұру қызметтеріне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 30 шілдедегі №96-НҚ бұйрығының таратушы желілер арқылы суды беру қызметі туралы №1, №2, №4, №5 қосымшаларының күштері жойылсын.

3. «Мөлдір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2021-2025 жылдарға арналған суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф

00669

және тарифтік сметаларын бекіту туралы ақпаратты заңнамада белгіленген мерзімде тұтынушыларға хабарлауы міндеттелсін.

4. Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі, осы бұйрықты «Мөлдір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын, бақылау Департамент басшысының орынбасары Д. Калибековке жүктелсін.

6. Осы бұйрық 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1, 2-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы **А. Сағымбеков**